

Алтын  
Қалам

МАҒЖАН  
ЖҰМАБАЕВ

# Алтын Қалам

«Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті.

Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,  
Қазақстан Республикасының  
Президенті



(1893-1938)



Алтын  
Қалам

**МАҒЖАН  
ЖҰМАБАЕВ**

*Өлеңдер, поэмалар*

Антарьис  
БАСПАСЫ  
Алматы,  
2009

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-5  
Ж 81

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ  
75 ЖЫЛАДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ  
XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІЛІ  
КЛАССИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ «АЛТЫН ҚАЛАМ» СЕРИЯСЫ  
БОЙЫНША «НҮР ОТАН» ХАЛЫҚТЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ  
ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН ЖАРЫҚ КӨРІП ОТЫР

Ақылдастар алқасы:

Нұрлан Оразалин — төраға, жоба жетекшісі;

Мүшелері —

Ахметжан Талаптан, Әшімжан Жанарбек,  
Есдәулет Ұлықбек, Жайлыбай Ғалым,  
Михайлов Валерий, Сарыбалаұлы Бақыт,  
Шаханов Берік, Шаштайұлы Жұмабай.

45499

Жұмабаев М.

Ж 81 *Өлеңдер, поэмалар/Мағжан Жұмабаев. —*  
Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009. — 320 б.

ISBN 978-601-7130-35-0

Қайта оқыған сайын қазып оқуды қажет ететін Мағжанның маржан жырларынан түзілген бұл жинақ өлеңдер мен поэмалардан тұрады.

Мағжан жыры, Мағжан мұңы — халықтың сыры, шындықтың шыңы. Ұлтын, жұртын өртеніп сүйген ақынның рухы — оқырманның көкірек көзіне шоқ, көңіл көкжиегіне шуақ берері сөзсіз.

М  $\frac{4702250202}{00(05)-09}$

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-7130-35-0

© Мағжан Жұмабаев, 2009  
© «Ан Арыс» баспасы, 2009

Северо-Казахстанская  
областная библиотека  
им. С. МУҚАНОВА

## ТАМЫРЫН ТЕРЕҢНЕН ТАРТҚАН...

(«АЛТЫН ҚАЛАМҒА» АЛҒЫСӨЗ)

**М**ына шетсіз, шексіз дүние-ғаламда өмір сүруді, мәңгілік кеңістігінен көрінуді мақсат етпейтін, мұрат тұтпайтын ұлт жоқ, ұлыс жоқ.

Ұлт ойы мен ұлыс мұратының мұндай көсегелі биіктен көрінуін қамтамасыз ететін бірден-бір фактор — тарихи жәдігерлеріміз бен рухани құндылықтарымызды аялау, тіліміз бен дініміздің тұтастығын сақтау.

Тамырын тереңнен тартар сөз өнерінің қадірі мен қасиетін жан-жүрегімен сезініп, «өнер алды — қызыл тілді» өмір сүруінің басты нысанасы санаған халқымыз өзінің көпғасырлық тарихында осынау көсегелі биіктен көріну үшін аянбай күрескен. «Жоқтан ештеңе бар болмайды, бар нәрсе ешқашан жоғалмайды», дейді көненің көзіндей, кемелдіктің сөзіндей болған кең таралған ойшылдық пікір. Арғы тарихы мыңдаған жылдық ықылымнан тамыр тартатын қазақ жұртының халық болып қалыптасуы мен ұлт болып бекуін, мемлекет болып қоныс тебуін, ірге орнықтыруын оның рухани өсіп-өркендеуінен, әдебиеті мен өнерінің толысуынан бөле-жара қарауға болмайды.

Енді екі жылдан соң өзінің тәуелсіз Ел ретінде ту көтергенінің жиырма жылдығын атағалы отырған алаш жұртының иесі — Қазақ Елі кемел мәдениеттің, өркенді әдебиеттің, өрісті өнердің кеңістігі екені артық дәлелді қажет етпейді.

Қара орман қазақ оқырманына жол тартып отырған «Алтын қалам» сериясының бірден-бір мақсаты — осынау ұлт тұтастығы мен ұлт әдебиетінің арасын-

да жатқан өлмес байланысты, өміршең сипаттарды тануға, талдауға мұрындық болу; ондаған ғасырларға созылар ұлы тарихы бар қазақ көркемсөзінің тұғырынан түспейтін биігі барын, Қазақстан Республикасы Президентінің сөзімен айтқанда, «Қазіргінің талай елін қайран қалдыратын осынау байтақ кеңістікті көрнеген поэзиялық әлем тек қана сұлулық пен сөзімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі көркем сөзі ұдайы философиямен шөндесіп жатқан...» ғажайып көркем әлем екенін жаңа заман адамына олжа қып тарту.

Иә...

Қазақ әдебиеті — бағлан тұлғалар мен баянды дәстүрлерге бай әлемдік биікке көтерілген әдебиет.

Өлгенімізді тіріліп, өшкенімізді қайта жағар осынау өнер атаулының киелі, текті түрі саналар. Заратуштра мен Анахарсистиң, Майқы би мен Тоныкөктің, Әбу Насыр әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауидың, Махмұт Қашқари мен Мұхамед Хайдар Дулатидің, Ақтамберді мен Бұхар жыраудың, Махамбет пен Абайдың, Шоқан мен Жамбылдың рухын ұлы дүние алдында асқақтатар ұлт көркемсөзінің жаңа дәуірдегі бет-бейнесі мен тағдыр-талайын басқаша елестету мүмкін емес. Дүниенің өтпелі екенін сөзіне отырып, мәңгілікпен қатар тұрып сырласу, ой толғау, заманға сөз арнау, адамдар жүрегіне жол табу тәрізді сөз сиқырының құдіретін танытар көркемдік әлемнің алуан-алуан тәсілдерін еркін игерген қазақтың көркем әдебиеті жиырма бірінші жүзжылдыққа шаңырағы шайқалмай, ілгері-кейінгі дәуірлердегі жиғаны мен тергенін шашпай-төкпей, кешегі арыстарымыз бен алыптарымыз, тарландарымыз бен саңлақтарымыз салған, қалыптастырған дәстүрлер мен мектептерге беріктігін, бекемдігін танытып, уақыт, замана талаптарына сай өзгеру, көркею, кемелдену процесін бастан кешуде.

Бұл — даусыз шындық.

Бұл — эволюциялық дамуымыздың көрінісі.

Бұл — сайып келгенде, көркем әдебиеттің кез келген халық үшін өзін-өзі тану мен бағалаудың, өзін өзгеге

таныту мен бағалатудың қайнар көзі екенін сезінудің, сезіндірудің айқын нышаны.

Құпиясы мен жұмбағы мол мына ойран-топыр заманалар тасқынында жоғалып кетпей, өз реңі мен бояуын, өз мінезі мен дәстүрлерін қызғыштай қорып, ұлт тұғырын сақтауға орасан қызмет етіп келген қазақ сөз өнерінің ең бір шарықтап биікке көтерілген кезеңі — ұлтымыздың рухани тарихына «алтын дәуір әдебиеті» болып өнген жиырмасыншы ғасыр екені күмәнсіз.

Алып ғасыр алыптардың тұсауын кесіп, алып мақсаттар мен алып ойлардан бастау алар алып әдебиетті жаратты. Ғасыр елең-алаңын өз жерінде тоқсан пайыздан асып жығылар басымдықпен аттап, ғасыр ортасында өз елі, өз жерінде 29 пайыздық құлдырауға дейін жеткен қазақ халқының мойнына отарлықтың озбыр қамытын мықтап тұрып ілген жиырмасыншы жүзжылдық алаш еліне қасірет пен қайғыны, қуаныш пен шаттықты қатар бергені ақиқат. Қасіреті — көшпелі өркениеттің төрі болған киелі ұлы Даланы тоталитарлық жүйе геноцид пен жазалаудың, қыру мен жоюдың орасан ордасына айналдырды. Қуанышы — қазақ жерінде алаш жұртының амандығын толғаған, ұлт ойы мен санасын өлмеу үшін күресе білуге үйреткен әлемдік деңгейге көтерілген ұлт әдебиеті мен өнері, дамудың кемел биігіне көтерілген ғылымы қалыптасты.

Сондықтан өткенге тағзым көрсетіп қана қоймай, өткеннің тағылымы мен танымын жаңа ғасыр тізгінін ұстаған бүгінгі тәуелсіз елдің игілігіне жарату — ұрпаққа, ұлтқа сын.

Жаңа ғасыр босағасын аттай отырып, жаһандану дейтін осынау келеңке, күнгейі қатар өрілген замана құбылысымен беттесу көз келген ұлт пен ұлт мәдениеттеріне оңайға соғып жатқан жоқ. Жерүсті өркениетінің жалпы дамуын аңғартар бұл процесстен тыс қалу мүмкін емес... Ұлттық құндылықтарымыздың қалыбын бұзып, ұлт санасы мен ойын адастырып, аздырып алмай, халқымыздың рухани көшін аман алып өту — бүгінгі Сіз бен Біздің ортақ міндетіміз.

Осы орайда өткен ғасыр тұсауын кескен әдебиетіміздің өрісі кең, өркенді көркем дүниелері бары-



мыз бен жоғымызды таразы басына қойып, тануға, бағыт-бағдарымызды біліп, анықтауға себі тиер деген ойдамыз.

Құрылғанына 75 жыл толып отырған қазақ өнерінің қарашаңырақтарының бірі Қазақстан Жазушылар Одағы мен Халықтық Демократиялық «Нұр-Отан» партиясының үйлесімді жұмысының нәтижесінде алғашқы он екі кітабы жарық көріп отырған «Алтын қалам» сериясы осындай үлкен мақсат, игі мұрат нәтижесінде өмірге келді.

Жоба жалғасын табады деген сенімдеміз.

Тамырын тереңнен тартар үлкен өдебиетіміздің жолы өманда кең болсын!

**Нұрлан ОРАЗАЛИН**


Ақылдастар алқасының төрағасы.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

маусым, 2009 жыл.



## Влеңдер



Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,  
Сұм өмір абақты ғой саналыға.  
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,  
Сондықтан жаным күйіп жанады да...  
Ертегі уатпай ма баланы да,  
Сөз сиқыр ғой, жазбай ма жараны да?  
Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған,  
Еркімен өзі-ақ отқа барады да.  
...Ақында адамзаттан дос болмайды,  
Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына...

*Мағжан Жұмабаев*

## ҚАЗАҚ ТІЛІ

Күш кеміді, айбынды ту құлады;  
Кеше батыр — бүгін қорқақ, бұғады.  
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,  
Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,  
Күндей күшті, күркіреген ел тынды.  
Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ,  
Батыр, хандар — асқан жандар ұмытылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...  
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,  
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім.  
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.  
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа  
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

### ЖЕР ЖҮЗІНЕ...

Жер жүзіне ер атағым жайылған,  
Жан емеспін оттан, судан тайынған.  
Қайраты мол қандыбалақ қыранмын,  
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.

Еркін ырғып шыққам асқар Алтайға,  
Қырда тұрып садақ тартқам Қытайға.  
Талай тайғақ, тар кешуде таймаған  
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?!

Талмай, қайтпай қамал бұзған кемеңгер,  
Арыстанға қарсы ұмтылған мендей ер.  
Бір барқылдақ жалпылдаған төбеттен  
Қорқар болсам, жұтсын мені қара жер!

## ӨНЕР-БІЛІМ ҚАЙТСЕ ТАБЫЛАР

Ер жігіт өнер табар ерте қуса,  
Ерініп, шаршамаса, белін буса.  
Ыртың-жыртың, жоқ-барға көңіл бермей,  
Періште боп анадан қайта туса!  
«Жақын туған бауыр!» — деп, айналмаса,  
Қатын-сатын дегенге байланбаса,  
Тынықпай, дамыл алмай, ертелі-кеш  
Ізденсе, кідірмесе, жайланбаса.  
Дүниенің қайғысына зарланбаса,  
Көз қысып, күлгеніне алданбаса,  
Қақ жарар қара қылды тура бөліп,  
Айтылған сөз жайынан жалғанбаса.  
Өсектен ат-тонымен алыс қашса,  
Естісе, ұялғаннан бетін басса,  
Жамандық — аты өшкірге жақын жүрмей,  
Аяғын күндік жерден байқап басса.  
Өзінен басқа жанды кем көрмесе,  
Құтыртып; шағыстырып жел бермесе,

Табылмас аузына су тамызушы,  
Өзінің тар етігін кең көрмесе!  
Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе,  
Олардың әрбір сөзін үлгі көрсе,  
Естіген сөз, көргенді бос тастамай,  
Құлақ тігіп, көз салып, жиып-терсе.  
Көңіл көзі ашық жанды дос деп білсе,  
Мылқау, меңіреу адамды қас деп білсе,  
Бейнеттің мұнарланған шөл даласын  
Жұмақта хорлар тіккен қос деп білсе.  
Наданды қатқан жансыз тас деп білсе,  
«Өнер-білім — қарны ашқа ас!» — деп білсе,  
«Дүниенің теңізінде адасқанға  
Тура жол көрсетейін, бас!» — деп білсе,  
Осы оймен тура жүрсе, бұлтармаса,  
Басқаға мойын бұрып көз салмаса!  
Өнер-білім жер астында болса-дағы,  
Іздесе оны талпынып, бос қалмаса!

## КҮНШЫҒЫС

Қысық көзді Күншығыс,  
Бұл тұруың қай тұрыс?  
Серпіл енді, алыбым!  
Күңіретіп жерді ыңыраншы.  
Күнбатысқа көз салшы,  
Көрдің бе қанның жалынын?  
Күнбатысты шаң басқан,  
Шаң емес, қара қан басқан.  
Тарсыл-күрсіл, қанды атыс.  
Көп білем деп бөлуге,  
Көп күлем деп өлуге  
Жақын қалды Күнбатыс.  
Дария еді ол өкірген,  
Шапшып көкке лепірген,  
Жемірілді кемері.  
Өлгелі жатқан құрт ауру,  
Жан жаққа сүзіп көз салу —  
Қолынан енді келері.  
Ібіліске ерген есерлер,  
Өзімшіл кеуде кеселдер  
Тұншықсын, қанға боялсын.  
Оның өлген үнімен,  
Қанды батқан күнімен,  
Күншығысым оянсын!  
Қысық көзді Күншығыс,  
Болсын соңғы бұл жүріс.  
Күнбатысқа жүрелік,  
Желкілдеген туменен,  
Жер күңіреткен шуменен  
Қаласына кірелік.  
Күл қылайық қаласын,  
Күл қылайық баласын.  
Жоқ, жоқ! Ашу басалық!  
Гүл қылайық қаласын,  
Ұл қылайық баласын,  
Мейірім есігін ашалық.  
Мұндарларды адасқан,  
Айрылып естен шатасқан  
Күншығыстың жолына

Салайық, шетсің демейік,  
Аямайық, көмейік  
Күншығыстың нұрына...  
Терең теңіз тебіренді,  
Күншығысым күңіренді.  
Қырағы көзім көреді:  
Желкілдеген туменен,  
Жер күңіrentкен шуменен  
Қара бұлт қаптап келеді.  
Әй, сен, кесел Күнбатыс!  
Бұл жатуың қай жатыс,  
Жоғал жылдам жолымнан!  
Болмаса, қорықсаң өлімнен,  
Үмітің болса өмірден,  
Ұста менің қолымнан!

## ОТ

Күннен туған баламын,  
Жарқыраймын, жанамын.  
Күнге ғана бағынам.  
Өзім — күнмін, өзім — от,  
Сөзім, қысық көзімде — от,  
Өзіме-өзім табынам.  
Жерде жалғыз тәңірі — от.  
Оттан басқа тәңірі жоқ.

Жалынмен жұмсақ сүйеді,  
Сүйген нәрсе күйеді.  
Жымыып өзі жорғалар.  
Ұшырағанды шоқ қылар,  
Шоқ қылар да, жоқ қылар.  
Мұның аты От болар.  
Мен де отпын — мен жанам.  
От — сен, тәңірім, табынам.

Әдемі отпен аспаның,  
Бәрі жасық басқаның.  
Жалын жұтам — тез тоям.  
Әулием, ием, құтыма,  
Теңсіз тәңірім отыма

Әлсін-әлсін май құям.  
Май құямын — өрлейді.  
Құлашын көкке сермейді.

Кейде жылан арбайтын,  
Кейде аждаһа жалмайтын.  
Сескенбес, сірә, кім сенен;  
Шынында, менің өзім де — от,  
Қысылған қара көзім де — от.  
Мен — оттанмын, от — менен,  
Жалынмын мен, жанамын.  
Оттан туған баламын.

Қараңғылық бұққанда,  
Қызарып күн шыққанда,  
Күн отынан туғанмын;  
Жүрегімді, жанымды,  
Иманымды, арымды  
Жалынменен жуганмын.  
Жүрегім де, жаным да — от,  
Иманым да, арым да — от.

Жарқырап от боп туғаннан,  
Белімді бекем буганнан,  
Қараңғылық — дұшпаным.  
Сол жауызды жоюға,  
Соқыр көзін оюға  
Талай заулап ұшқанмын,  
Әлпіге<sup>1</sup> барғам Алтайдан.  
Балқанға барғам Қытайдан.

Күннен туған баламын,  
Жарқыраймын, жанамын.  
Күнге ғана бағынам.  
Өзім — күнмін, өзім — от,  
Сөзім, қысық көзім де — от,  
Өзіме-өзім табынам.  
Жерде жалғыз тәңірі — от,  
Оттан басқа тәңірі жоқ.

---

<sup>1</sup> Альпі — асқар таудың аты (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

## ПАЙҒАМБАР

*Устремляя наши очи  
На бледнеющий Восток,  
Дети скорби, дети ночи,  
Ждем, не придет ли наш Пророк.*

*МЕРЕЖКОВСКИЙ.*

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,  
Күні батып, жаңа таңы атпаған.  
Түнеріп жүр түннен туған перілер,  
Тәңірісін табанына таптаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,  
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған,  
Түн баласы тәңірісін өлтіріп,  
Табынатын басқа тәңірі таппаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,  
Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған.  
Білген емес иман деген не нәрсе,  
«Қарын» деген сөзді ғана жаттаған.

Түн баласы... Түн жолына түскен ол,  
Сақаусың деп Мұса тілін кескен ол,  
Тәңірінің сүйікті ұлы Айсаның  
Тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол...

Түн баласы түнерген түн жамылған,  
Аллаға емес, әзәзілге табынған.  
Інжілді өртеп, табанға сап құранды,  
Әділдікті күткен ессіз қарыннан.

Түн баласы өмірінде араз таңменен,  
Қабыл ұлы ауызданған қанменен.  
Табынатын құр денеге жануар,  
Болған емес жұмысы оның жанменен.

Төгілмей ме кемерінен асқан су,  
Өлтірмей ме жайылған соң күшті у.  
Түн баласы түнеріп тұр өлгелі,  
Көзіңді сал — күнбатыста қанды шу;



Көзге түртсе көрінбейтін қара түн,  
Күңірене ме, күле ме әлде, әлдекім?  
Жылайды да, шулайды да ұлиды,  
Бұл кім? Бұл ма — түн баласы түссіз жын.

Қап-қара түн. Түн баласы күңіренед,  
Күңіренумен бір-біріне үн беред.  
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад,  
Қара түнде көр көзімен не көред?!

Қап-қара түн. Шегір көзді жындар жүр.  
Қап-қара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр.  
Қайғы менен қара қанға түншығып,  
Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

Қап-қара түн. Уақыт ауыр өтеді,  
Ой артынан ойлар келіп кетеді.  
Түн баласы көр көзінен жас төгіп,  
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...

Ерте күнде отты Күннен Гун туған,  
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам,  
Жүзімді де, қысық қара көзімді  
Туа сала жалынменен мен жуғам.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,  
Мен — Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.  
Мен келемін, мен келемін, мен келем,  
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар.

Соқыр сорлы, көрмей ме әлде көзің көр?  
Күншығыстан таң келеді, енді көр.  
Таң келеді, мен келемін — пайғамбар,  
Күт сен мені, «лахаулаңды» оқи бер.

Күншығыстан таң келеді — мен келем,  
Көк күңіренед: мен де көктей күңіренем.  
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,  
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!  
Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,  
Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.  
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:  
Мен келемін, мен пайғамбар — Күн ұлы.

## ҚАЗАҒЫМ

Қазағым, таянды ғой қылта мойын,  
Жер, мал кетіп, бос қалды біздің қойын.  
Қарашы өзіңе-өзің көз жүгіртіп,  
Жараспас бұдан былай күлкі-ойын.

Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,  
Ойламау келешекті түпке жетер.  
Надандық қоршап алған түс-түс жақтан,  
Жан қорқып, дене тітіреп есің кетер.

Тасталық болыстыққа таласуды,  
Таласып жаман көзбен қарасуды.  
Мың-мыңның төгілуі жетер енді,  
Ізделік аққан бұлақ — қара суды.

Бар жерді күннен-күнге алып жатыр,  
Біреулер алып қала салып жатыр.  
Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,  
Жерінен аузын ашып қалып жатыр.

Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,  
Отырайық жиылып, оңдалайық.  
Мың жылғы өткен қумай ата-заңды,  
Өнерден кеш қалмайық, ойланайық.

Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,  
Қайдағы оңды жерді таңдап алсақ,  
«Ауыл болсаң — қоғам бол» — деген сөзбен,  
Бұлтармай ертеңді-кеш жүріп барсақ,

Сол шақта көп түкіріп көл де болар,  
Көлде толқын айдаушы жел де болар.  
Мектеп пен медреселер көп салынып,  
Ағайын тату-тәтті ел де болар.  
Жиылмай өнерге аяқ баса алмаспыз,  
Нық сіңген надандықтан қаша алмаспыз.  
«Заман түлкі болғанда, тазы болмай»  
Биік қырдан алдағы аса алмаспыз!

## СОРЛЫ ҚАЗАҚ

Сорлы қазақ жаны алқымға тығылып,  
Қара күн кеш, тіккен туы жығылып,  
Алға баспай, барлық ісі кер кетіп,  
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп,

Оқу-білім жақындатпай, жолатпай,  
Қырын қарап, қазақ, ісін ұнатпай,  
Пыр-пыр ұйықтап сорлы қазақ тек жатыр,  
Қанды жаспен екі көзін шылатпай.

Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді,  
Қылыш алып «надандық» саған кезенді.  
Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден қу  
Ертелі-кеш басыңа мініп езгенді!

Кітап әпер, оқысын, балаң қолына,  
Малды аяма оқу-білім жолына.  
Өнер алып басқалармен қатар бол,  
Қосыл бірдей адамзаттың тобына!

Байгүс қазақ бас көтеріп тұрар ма?  
Көңілі түсіп, білімге мойын бұрар ма?  
Күні туып, оңынан — Күн, солдан — Ай,  
Оқуменен жайнатып дүкен құрар ма?

## ҚАРАҒЫМ

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!  
Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме.  
Оқымай ойын қуған балаларға  
Жолама, шақырса да қасына ерме!  
Кідірме, аялдама, алға ұмтыл,  
Алам деп көктен жұлдыз қолың серме.  
«Қарманған қарап қалмас!» — деген рас,  
Тоқтамай істей білсең батып терге;  
Жасынан оқу оқып, өнер қуған  
Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге...



Жастық, байлық, қол қусырып бос жүру  
Жас өспірім үмітті ерді бұзады.  
Тер ағызып, өліп-талып табылған  
Ата-дәулет быт-шыт болып тозады.

### **ЖҰЛДЫЗДЫ – ЖҮЗІК, АЙДЫ АЛҚА ҒЫП БЕРЕЙІН**

Келші, көзім, күн бетіңді көрейін,  
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.  
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,  
Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін.

Сөзің – сиқыр, есті тұман басқандай,  
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.  
Күлкің, Күнім, күндей күміс табаққа  
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Шашың – толқын, жүрегімнің жарына  
Соғылды да, батты улы зарыма.  
Айнама, саған арнап жырлар жазамын,  
Қаламымды малып жүрек қанына.

Жырларыммен кестелейін орамал,  
Бүлдіргендей, бөбектайым, бетің бал.  
Балға талай шыбын қонуға ұмтылар,  
Ұмтылғанда орамалмен қағып қал.

Еркетайым, келсең егер қасыма,  
Сәулелерден шоқ қадар ем басыңа.  
Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,  
Келші, күлмей көзден аққан жасыма.  
Келші, көзім, Күн нұрына көмейін,  
Сүйші – өлейін, «неге өлейін?» – демейін.  
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,  
Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін!

## ШЫН СОРЛЫ

Күн суық, қатты аяз, шыдар емес,  
Қар борап соққан желмен қылып егес.  
Кедейлер үсіп-тоңып дір қалтырар,  
Жылы үйде байлар жатар, уайым жемес.

Түн болып қара тонын киіп еді,  
Қатты жел барлық күшін жиып еді.  
Ақтарып астын үс қып, гулеп соғып,  
Дөңдегі қарды ойға үйіп еді.

Дүрілдеп сұп-суық жел соққан шақта,  
Қар борап, үй айнала тыққан шақта,  
Шыдамай жан-жануар жел өтіне  
Бүкшііп теріс қарап ыққан шақта, —

Балтабай Оразкенді шаштан ұстап,  
Нығарлап әр түкпірге сүйреп тастап.  
Құт ұшырар естілген қатты дауыс:  
«Анаң, енең!.. Шық үйден! Жолыңды тап!»

Бейшара Оразкеннің түсі қашқан,  
Жылауға, қозғалуға есі адасқан.  
«Аяғым ауыр, қой деймін!» — дегенінде,  
Дүр қамшы ойнап кеткен қайран бастан.

Балтабай бір қолымен есік ашты,  
Тепкен соң сорлы Оразкен далаға асты.  
«Кірме, өл далада, иттің баласы!» — деп,  
Бекітіп іште тұрып есік басты.

Оразкен екпінменен құлай кетті,  
Есі ауып, жансыз болып, сұлай кетті.  
Әдейі өшіккендей тас бауыр жел  
Дүрілдеп астын үс қып борап кетті.

Оразкен бас көтерді есін жиып,  
Көз алды дулап кетті от боп күйіп,  
Басынан сорғалаған қап-қара қан  
Ағады үлбіреген бетке тиіп.

Дәрмен жоқ, көзі тұнып, тұр балбырап,  
«Жасаған, жарылқа!» — деп, жәрдем сұрап.  
Қар борап, дүрілдеп жел соққан шақта,  
Кетеді сорлы Оразкен дір қалтырап.

## БҰЛБҰЛ

Сайрайсың мұңлы күймен жүз құбылтып,  
Кейде аяң, кейде желіс, кейде сылтып.  
Денені ысытасың, суытасың,  
Тұрасың маужыратып кейде жылытып.

Құясың тәтті дауыс тамылжытып,  
Тұрады жан-жануар дәмін жұтып.  
У-шу жоқ, қарқ-шиқ еткен қарға, торғай  
Ұялып, әлдеқайда кеткен зытып.

Ұста сөз, мұңды даусың басты байлар,  
Тоқтаған шабуынан құлын-тайлар.  
Даусыңнан елжіремес нәрсе бар ма,  
Жас төгер бойы балқып терең сайлар.

Бұлбұл құс! Көзімде жас, кеудемде от  
Толып, мен саған келдім, ішімде шоқ.  
Дертіме сенен ғана дәрмен болар,  
Басқадан, анық білдім, еш пайда жоқ.

Бұл жерден ұшып кетші сәулем жаққа,  
Барып қон нәзік қана бір бұтаққа.  
Сөйле оған ашындырып менің жайым,  
Көңілін елжіретпей қанат қақпа!

Жүз құбылтып даусыңды, өрте өзегін,  
Өртенсін, қызыл жалын қыл төсегін.  
Ойын ал, бойын балқыт, сүйдір мені,  
Қалсын ол ойлай алмай өз есебін.

Төз, бұлбұл, мұңды дауыс, сиқыр тілдім,  
Дәрменді қалың дертке сенен білдім.  
Қылмасаң бір мейірім, сорлы пендең  
Қайғыдан қолым жетпей, міне, өлдім!

## ӨЛЕҢ

Тарықса жаным,  
Ауырса тәнім,  
«Сүйеуім бар!» — демейтін  
Ол болса менде,  
Қозғалса жер де:  
«Бұ не болды?» — демейтін,  
Жан сүйгенім — ол да өлең,  
Жете алмасам, жолда өлем!

Жанымның жаны,  
Тәнімнің қаны,  
Тіршілігім сенімен,  
Ойландым — тоймадым,  
Іздедім — қоймадым,  
Кеңес біраз менімен,  
Естісе сені — жан ұйыр,  
Бағаңды білмес көп сиыр!

## МЕН СОРЛЫ

Талапсыз, бақсыз мен сорлы.  
Бір ісім оңға бармаған.  
Мен не жаздым о ғұрлы,  
Тәңірі мұнша қарғаған?

Талпындым, түстім ізіне,  
Оңалмады бір ісім.  
Қарамай құлың жүзіне,  
Көрсеттің, Алла, сен қысым.

Бел будым, түстім әр жолға  
Тілекті қайтсем табам деп,  
Қарамадым оң-солға,  
Тілегім үшін шабам деп..

Не қылсам да түспеді  
Уысыма қуғаным,  
Жібермеді, күштеді,  
Жақын бауырым — туғаным.

Таласқа салды жиганын,  
Барын, арын аямай,  
Оқуға ақша қимадың,  
Алды-артыңа қарамай.

Білім іздеп сусаған  
Жылайды пендең алдында,  
Мейірі кең, жасаған,  
Құр алақан қалдым ба?..

### ТЕЗ БАРАМ

Қыранымын сары сайран даланың,  
Қос қанатым — алтын Алтай, Оралым.  
Еркін дала ардақтысы, еркесі,  
Бетім қайтпай өскен батыр баламын.

Асқан алып — ата затым сұрасаң,  
Асқан дана — ана затым сұрасаң,  
Шашып жалын жас жолбарыс ұмтылса,  
Қорқақ құлдар, қалай қарсы тұрасың?!

Тұлпар мініп, туды қолға алайын,  
Суырып қылыш қан майданға барайын,  
Жердің жүзі кім екенім танысын,  
Жас бөрідей біраз ойын салайын.

Тірілтейін алып атам аруағын,  
Тазартайын Сарыарқамның топырағын,  
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,  
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым.

Дұғада бол, алтын Алтай — қарт анам,  
Алып ата, қуды жолың ер балаң.  
Ақ шашыңды, көкірегіңді иіскеуге,  
Тәңір жазса, сәулетпенен тез барам.